

FTAMP 17.01.09

Г.Б. Аяпова¹, А.Қ. Мұхитова¹

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Атырау қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: aipova-1969@mail.ru

**«АЛҒАШҚЫ ҰСТАЗ» - ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ КӨРКЕМ
ӘДЕБИЕТТЕГІ БЕЙНЕСІ**
(Ж.Молдағалиевтің «Таза бұлақ» романы негізінде)

Ұстаз тақырыбының кеше де, бүгін де, ертең де дабыл қақтыруы – уақыт талабынан туған қажеттілік. Көтерген тақырып – тәрбие тағдыры, мұғалім табиғаты болғанымен, әр жазушының тарихтағы Ұстаздар жүріп өткен жолды суреттеулеріндегі өзіндік шеберліктерін, өмір сүріп отырған дәуірінің талғамын, ұстанымын, идеясын, қаламгерлік қарымын тану.

Жайсаңбек Молдағалиев 1935 жылы Қостанай облысында дүниеге келген. Ы.Алтынсариннің жерлесі, ұлы ұстаз ашқан мектептен дәріс алған. Прозадағы Ыбырайтану жолына өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап қалам тербей бастаған. 1978 жылы «Алғашқы қоңырау» повесі, кейін толықтырып, өңдеп 1984 жылы «Таза бұлақ» атты романға айналдырды. Жазушы шығарманы жазуға он жыл өмірін арнады. 1973 жылы басталған романы 1983 жылы жазылып бітіп, 1984 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген.

Мақалада «Таза бұлақ» романында Ж.Молдағалиев мұрағаттық материалдар мен тарихи деректердің негізінде ой қорыта отырып, жаңа идеялық мақсаттар шеңберінде Ыбырай Алтынсариннің кең ауқымда алынатын көп қырлы күрделі тұлғасын ашып берген. Қазақ әдебиетінің тарихында да, ағартушылық идея жолында да бар болмысымен оқшау тұратын Алғашқы ұстаз - Ыбырай сынды тұлғаның өмірі мен тарихи келбеті арқылы кейінгі ұрпақ санасына жеткізген.

Ұлы ұстаз – Ыбырай бейнесі романда тарихи шындыққа негізделген көркемдік болжаммен өрнектелген. Аңыз бен тарихи дерек желісі роман сюжетінде қатарласа дамып, көркемдік негізде қисынды қиюласқан.

Негізгі сөздер: алғашқы ұстаз, ұлттық болмыс, болашақ ұрпақ, ағартушылық қызмет, тарихи дерек.

Кіріспе

Жайсаңбек Молдағалиев 1935 жылы Қостанай облысында дүниеге келген. Ы.Алтынсариннің жерлесі, ұлы ұстаз ашқан мектептен дәріс алған. Прозадағы Ыбырайтану жолына өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап қалам тербей бастаған. 1978 жылы «Алғашқы қоңырау» повесі, кейін толықтырып, өңдеп 1984 жылы «Таза бұлақ» атты романға айналдырды. Жазушы шығарманы жазуға он жыл өмірін арнады. 1973 жылы басталған романы 1983 жылы жазылып бітіп, 1984 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген.

«Алғашқы ұстаз» бейнесі - қазақ тарихи прозасына, ұлттық руханияттың қалыптасуына айтулы үлес қосқан әрі әдеби, әрі тарихи тұлға. Қазақ қаламгерлері ұлағатты тұлға бейнесін сомдау арқылы ұлтымыздың азаттық жолындағы сан-қилы оқиғаларын сол тұлғалар тағдырымен байланыстырып, шығарма арқауына негіз етіп алды. Біртуар тұлғалар бейнесін сомдаудың түп-төркіні ұлттық болмыс–бітім арқылы, кейіпкердің жан әлеміне үңілу арқылы – қазақ ұлтының талайлы тағдырын, бүгінде қол жеткізген тәуелсіздігінің бедерін көрсеткісі келген.

Негізгі бөлім

Шығарма атауы «Таза бұлақ» Ы.Алтынсарин әңгімесінен алынған. Жалпы, шығарма идеясы да сол әңгімемен тығыз байланысты. «Үш жолаушы бір бұлақтың басында бір-біріне кез болыпты. Бұлақ бір тастақ жерден шыққан, айналасы қалың біткен ағаш жапырақтары бұлақтың үстіне төгіліп, суы мұздай, салқын, шыныдай жылтылдап тұрған сонша әдемі, таза бұлақ екен. Су шыққан жеріне бір қазандай тасты біреу ойып қорғаныш қылып, тастың суағар жеріне жазу жазыпты: - Әй, жолаушы, болсаң осы бұлақтай бол, - деп. Манағы үш жолаушы бұлақтан ішіп қанған соң жазуды оқып, біреуі саудагер екен, ол айтты: - Бұл жазылған ақыл сөз екен, бұлақ күн-түн тынбай ағып, алыс жерлерге барады, бара-бара кеңейіп, үлкейеді, бұған бөтен бұлақтар құйып, сүйте бара үлкен өзен болып кетеді. Мұнан мұрат сол сен де, адам, тынбай қызмет қыл, ешуақытта жалқауланып тоқтап қалма, сөйтсең, ақырында, сен де, зорайып мұратыңа жетесің дегені ме деп білемін, - деді. Екінші жолаушы мүсәпір молда екен, басын шайқап; - Жоқ мен олай ойламаймын, бұл жазудың мағынасы сіздің ойлағаннан гөрі жоғарырақ соқса керек, бұл бұлақ: кім-кімге болса да даяр, ыстықтағанда салқындатып, жанын рақаттандырады, сусағанның сусынын қандырады, оның үшін ешкімнен ақы дәметпейді; бұлай болса адамға да әбірет сол, біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе дегені болса керек, - деді. Үшінші жолаушы көркем келген бір әдемі жігіт екен, бұл үндемей тұрды. Жолдастары: «Сен не ойлайсың?» - деп сұрады. Жігіт айтты: - Менің ойыма бөтен бір нәрсе келеді: бұл бұлақтың суы бір орында тынып тұрып, шөп-шалам түсіп, лай-қоқым болса, бұған адам мен айуан мұнша ынтық болмас еді; бұлақ күні-түні тынбай ағып тазаланып тұрғаны үшін ынтық болдаы. Олай болса, жазудың мағынасы: көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта, нешік бұлаққа қарасақ күн түссе күннің, шөп түссе шөптің сәулесін көреміз, көңілің сол реуішті сыртқа ашық көрініп тұрсын дегені ме деймін, - деді» [1,25].

Міне, осы Ыбырайдың әңгімесіне сай болашақ ұрпақтың сана- сезіміне әсер ететін, елінің ертеңін ойлайтын оқырмандарға сый ретінде тартқысы келетін туындысы ретінде қабылдауға болдады.

Екіншіден, Ы.Алтынсарин сынды өмірін бұлақтай етіп, ұлтымыздың жарқын болашағы үшін ерен еңбек жасаған «Алғашқы ұстаздың» бұлақ болып қазақ даласын сусындатқаны деп те түсінуге болдаы.

Туынды төрт бөлімнен тұрады. Алғашқы бетке тоқталсақ, «Бұрыңғыдай емес, Ыбырайдың бекініс ішіндегі жұмысы да үстемелеп көбейіп кетті. Ояз бастығы жылы суға түсетін едім деп, шілде басталысын тоспай-ақ саялы орманды, мөлдір көлдері көп Аманның қарағайы деп аталатын мекенге кетіп, онда киіз үй тіккізіп, өзінше жайлауға шығатынды әдет қылып алғалы қашан!» [12, 3]. Шығарманың кіріспесінен-ақ Ыбырай Алтынсариннің оқуын бітіріп, қызметке араласа бастаған кезін байқаймыз. Орыстың отаршылдық әккі саясатының да ұстазды ұршықша үйірілітіп, өз маңайынан алыстатқысы келмейтіні байқалады.

Ұлт болашағы жолында ағартушылық бағытты басшылыққа алып, поэзиялық, прозалық таным деңгейін білім жолында биікке көтеруге ұмтылған Ыбырай Алтынсариннің бейнесі тарихи тұлғалық деңгейге көтерілген. Романның әр бетінде бағдар сілтеп, ойға жетелеп отыратын таным қуаты мен тағлым мұратының сырына қанығу міндетін арқалайсыз. Жастайынан білімді атанған,

«қараңғы қазақ көгіне күн болуды арман етіп» мектеп ашуға ұмтылған, алайда кең дүниеде сол тілегін құлшыныспен орындау жолындағы Ыбырайдың толғанысы ойға батырады.

Өзінің тарихи романында Ж.Молдағалиев мұрағаттық материалдар мен тарихи деректердің негізінде ой қорыта отырып, жаңа идеялық мақсаттар шеңберінде Ыбырай Алтынсариннің кең ауқымда алынатын көп қырлы күрделі тұлғасын ашып берген. Қазақ әдебиетінің тарихында да, ағартушылық идея жолында да бар болмысымен оқшау тұратын Ыбырай сияқты тұлға кейінгі дәуірдегі оқулықтарда Ыбырайдың өмірі мен тарихи келбеті арқылы кейінгі ұрпақ санасына жеткізген.

Ыбырай бейнесі де романда тарихи шындыққа негізделген көркемдік болжалмен өрнектелген. Аңыз бен тарихи дерек желісі роман сюжетінде қозғалысқа түсіп, қисынды қиюласқан, көркем шындыққа айналған.

Тұлғаның шынайы бейнесі досы Н.И.Ильминскийге жазған хаты арқылы көрінгендей. «Мектеп – халыққа білім берудің бұлағы, олар қазақ даласының кез келген жеріне ретсіз, рабайсыз орналастырыла салатын болса, түк те пайда бере алмайды. Біздің барлық үмітіміз қазақ халқының келешегі – осындай қолайлы мектептерде тұр. Сондықтан, мектептерде жөні түзу. Түбегейлі білім берілетін болсын, ғылымнан кенжелік көрген халықтың мектепке ынтасын арттыру үшін оны бітірушілерге қай жөнінен болса да бір артықшылық жағдай туғызылсын, сонда ғана оқушылардың саны молайып, ынталы жастар өседі. Осылай еткенде ғылыммен қаруланған, дүниетанымы, ой-өрісі кеңейген жастар көбейеді» [3,6].

Автор романның басты идеясы халық тағдыры, ал халық атынан сөз алып отырған Ыбырай мұғалім екендігін байқатады. Себебі, алдымен Ыбырайды жетім шәкірт Күдерінің ойымен таныстырып, кейін губернаторға бара жолында осы екі жанды бірлікте сабақтастыра қарайды. Мұның бәрі, шығарманың негізгі мақсаты – халықтың арман мүддесі мен жарқын болашағы үшін ерекше орын алған Ыбырай Алтынсарин бейнесін көрсету еді. Себебі, «Таза бұлақ» романында суреттелетін тұлғалардың бәрі дерлік халық санасынан орын алған жандар болатын. Сол эпикалық бейнелерді төмендетіп алмай, оларға реалистік нақтылық, даралық келбет дарыту оңай емес еді. Көрнекті ғалым Ш.Елеуенов: «Тарихи роман жанрының бір құндылығы – ол әрдайым халқының өткен тарихы мен қазіргі өмірінің арасына салынған рухани өткел тәрізді. Ол халқының өткен тәжірибесін бүгінгі өмірге алып келеді, бойымызға ата ұрпақтың рухани күштерін дарытады. Сол кездегі қара түнек күшке қарсы күрескен озық ойлы адамдардың қимыл-әрекетін біз тамашалаймыз, тамашалаймыз да еліктейміз» деп тарихи роман жанрының халықтың жүріп өткен жолындағы орнын бағамдайды «Замандас парасаты» [5,300] атты еңбегінде.

Біз тоқталып отырған романның жанрлық сипаты да ерекше болып келеді. Көптеген тарихи оқиға мен шынайы кейіпкерлерді шетінен толық суреттеу бір шығарма көлемінде мүмкін еместігін ескерген автор негізгі күшті баяндау мен айтушыға салады. Бірақ бұл құрғақ баяндау емес, бояулы, нақышты, адам мінезі мен әрекетінің түпкі сырын ашып көрсете алатын күрделі әрі ғибратты туынды болып саналады.

Қаһармандардың түр келбеті де, сөйлеген сөзі де ойы да, тартыс үстіндегі қайшылықты күресі де осы бір «баяндау сарынына» сыйып, романның көтерген жүгін айқындап тұр. «Таза бұлақ» романының бүкіл оқиғалық,

сипаттамалық талдау, көркемдеу жүгін екі ғана айтушы – автор мен шәкірт Күдері әңгімесі даралап көрсетеді. Осыдан барып шығармада айтушы қызметі маңызды орынға шығып, романдағы тарихи сипат көрінісі лирикалық шегініс арқылы шежіре мен сол кездің басты проблемасы іштей қабысып, шынайы көркемділікпен басты фонда орын алған. Бұл ретте жазушының реалистік сарында өміршен дәстүрлерден үйрене білгендігін атап айтар едік.

Түркі – монғол халықтарында ертеде эпосты, жырды бір емес, екі жыршы қатар айтатын, бірін – бірі толықтырып, кезектесе сөйлейтін дәстүр болған. «Таза бұлақ» романында оқиғалар желісін кейде Ыбырай мұғалім, кейде шәкірт Күдері дамытып, кейде автор жалғап, өрбітіп отыратындығы сол фольклор тәсілін пайдаланғандай әсер қалдырады. Бірақ, туындының құрылысы мен сюжеттік шешімінде фольклордан дарыған әдістер кездескенімен, талдау, мінездеу, даралау тәсілі реалистік әдебиет үлгісінде жанаша сипатта өрбіген. Эпосты туғызған дәуірдің қайталанбайтыны секілді, оның көркемдеу тәсілдері де жалаң көшірілмейтіні белгілі. Әрбір қаламгер өзінің алға қойған мақсатына, өмір материалының көлемі мен сипатына орай ауыз әдебиетінің бай қазынасынан үйренуі, ізденуі қажет екені белгілі. Осындай сәтті қолданылған көркемдік байланыс Ж.Молдағалиевтің «Таза бұлақ» романының тартымды болуына, көтерген жүгінің ұлттық негізден бастау алып, бірнеше ғасырдың шындығын көрсетуге көмектескен. Сонымен қатар туындының бүкіл сюжеттік желісінде автор тарихи деректерді толыққанды пайдаланып, шығарманың реалистік сипаты арта түскен.

Оқиғаны тартымды, әсерлі баяндауда халық аңыздары мен ертегілері дәстүрінен үйренер тұстарының қажеттілігі жоғары екендігін М.Әуезовтің мына пікірінен байқауға болады: «Көркем поэзияға ауызша поэзия қаншалық бөгетсіз, сатысыз көп қор құйған болса, бүгінгі көркем прозаға да халықтың ауызша әңгімесі сондайлық жатық жолмен көп араласып, қабысып жатыр» [4, 161].

Қорытынды

Туынды да халқымыздың бірнеше ғасыр көлемінде бастан кешкен сұрапыл қиындықтары, ел мен жердің бостандығы тәуелсіздігі үшін күрестері біресе шежіре, бірде аңыз, кей жағдайда тарихи фактілерден баяндалады. Қорыта айтқанда, романда көркемдікпен өрілген тарих шежіресі сипаты басымдау келеді. Бұның бәрі негізгі идеяға – қазақ халқының қаһармандық, ұлт болашағы үшін арпалысын, білім, ағартушылық бағытта іргелі роль атқарғанын көрстеуге жұмсалған.

Шындығында, «өткен ғасырдың 60-жылдарында ұлттық тарихтың бет алысын келер ұрпаққа түсіндіру мақсатында тарихымыздың өткенін зерделеп, тарихи құндылықтарды таныту, тарихи шығармаларға арқау болған қазақ халқының басынан өткен оқиғаларды келер ұрпақ зейінінде қалдыру мақсатында көлемді туындылар дүниеге келді. [6,4]

Қазақ халқының орыстың отаршылдығына қарсы күресін, еңбегін саралай отырып, тарихтың шежірелі жырын автор бүгінгі оқырман алдына тартуға күш салған. Сонымен бірге, «Таза бұлақ» романында XIX ғасырдың тарихнамасы беріліп қана қоймай, оның құбылыстарына терең талдау жасалынып, сол тарихнаманың көркем пішінге түскен желісі берілген.

Қорыта келгенде, ұлттық проза дәстүрінде «Алғашқы ұстаз» образын сомдауға күш салған Ж.Молдағалиевтің «Таза бұлақ» туындысы тарихи роман

жанрында өзіндік тың жолға түрен салғанын, өткен тарихтың ізімен өткенімізді көз алдымызға әкеліп, болашақ ұрпақты елді сүйеге, сонау ғасыр жүгі арқалап әкеткен ұлттық рухымызды тереңнен таныстыруда елеулі орны бар шығарма екендігімен құндылығы жоғары болмақ.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы А., Білім, 2003.-112.
- 2 Молдағалиев Ж. Таза бұлақ. Роман. А., жазушы, 1984.-344.
- 3 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары А., Қазақстан, 1995.-125.
- 4 Елеукенов Ш. Замандас парасаты. Әдеби сын. А., Жазушы, 1977.-300.
- 5 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 16 т. 1985.-400.
- 6 Садықова А.Т. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлғалар бейнесінің сомдалуы //

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы, 2018, желтоқсан, №4 (51), - 137.

«ПЕРВЫЙ УЧИТЕЛЬ» - ОБРАЗ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА В ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Тема учителя никогда не теряла актуальности и требует отдельного внимания. Жайсанбек Молдағалиев родился в 1935 году в Костанайской области. Его земляк И. Алтынсарин, преподавал в школе, открывшейся великим учителем. На путь Ибрая в прозе начинался с 70-х годов прошлого века. В 1978 году повесть «первый звонок», затем доработала и перерабатывала в 1984 году в романе «чистый родник». Писатель посвятил написанию произведения Десять лет жизни. Роман, начавшийся в 1973 году, был написан в 1983 году и издан в 1984 году в издательстве «Жазушы».

В статье в романе «Таза бұлақ» М. Молдағалиев, осмысливая на основе архивных материалов и исторических данных, раскрыл сложную многогранную личность Ибрая Алтынсарина, полученную в масштабе новых идейных целей.

Образ великого учителя – Ибрая в романе выражен художественным предположением, основанным на исторической реальности. Легенды и исторические источники развиваются параллельно с сюжетом романа, логично сочетаются в художественной основе.

Ключевые слова: первый учитель, национальное бытие, будущее поколение, просветительская деятельность, исторический факт.

THE IMAGE OF IBRAY ALTYSARIN IN LITERATURE AS "THE FIRST TEACHER"

Theme: yesterday, today, and tomorrow-the requirements of the time of birth. Theme despite the fate of education, the nature of the teacher, to reveal their skills in describing the path taken by history teachers, erudition, position, idea, writer's orientation.

Zhaysanbek Moldagaliev was born in 1935 in Kostanay region. His countryman I. Altynsarin, taught at the school opened by the great teacher. The path of Ibray in prose began in the 70s of the last century.

In 1978, the story "the first call", then refined and reworked in 1984 in the novel "pure spring". The writer devoted Ten years of his life to writing the work. The novel, which began in 1973, was written in 1983 and published in 1984 by zhazushy publishing house.

In the article in the novel "Taza Bulak", M. Moldagaliev, understanding on the basis of archival materials and historical data, revealed the complex multi-faceted personality of Ibray Altynsarin, obtained on the scale of new ideological goals.

The image of the great teacher – Ibray in the novel is expressed by an artistic assumption based on historical reality. Legends and historical sources develop in parallel with the plot of the novel, logically combined in the artistic basis.

Keywords: First teacher, national being, future generation, educational activity, historical fact.

References

- 1 Altynsarın Y. Qazaq hrestomatiasy A., Bilim, 2003.-112.
- 2 Moldaǵaliev J. Taza bulaq. Roman. A., jazýshy, 1984.-344.
- 3 Altynsarın Y. Tańdamaly shyǵarmalary A., Qazaqstan, 1995.-125.
- 4 Eleýkenov Sh. Zamandas parasaty. Ádebi syn. A., Jazýshy, 1977.-300.
- 5 Áýezov M. Jyрма tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. 16 t. 1985.-400.
- 6 Sadyqova A.T. Qazirgi qazaq ádebiyatindegi tarihi tulǵalar bemesiniń somdalýy // H.Dosmuhmedov atyndaǵy Atyraý memlekettik ýniversitetiniń Habarshysy, 2018, jeltoqsan, №4 (51), - 137

Information about authors:

Gulzira Ayapova, Candidate of Philological Sciences, Senior lecturer of the Kazakh language and literature chair of Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan, e-mail: aiapova-1969@mail.ru

Aziza Muhitova, student of the Kazakh language and literature chair of Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan

FTAMP 03.09.31

Ә.О.Турдалиев¹, Р.И. Шәудірбаев²

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

²КММ «Кешкі жалпы орта білім беретін мектеп»
Ақтау қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: shaudirbaev65@mail.ru

МАҢҒЫСТАУ ӨЛКЕСІ ПІРӘЛІ ХАН ТҰСЫНДА

Мақалада Маңғыстау өңіріндегі тарихи оқиғаларға зерттеулер жүргізіліп, өзіндік көзқарастар тұрғысынан зерделенген. Маңғыстау өңірін зерттеу, аумақтың қазақ тарихындағы алатын орны, мемлекеттілігіміздің қалыптасуына тигізген өзіндік ықпалы, қай кезде де тарихшылар мен тарихты сүйетін қауымның қызығушылығын туғызған. Осылай бола тұрса да, аталмыш тарихи оқиғалар олардың жүру барысы мен ықпалы өте аз зерттелген тарихи объектілерге жатады. Ұланғайыр аумақты алып жатқан Маңғыстау жерін мекендеген Адай руының өзіндік тарихының ерекшелігі түрлі тақырыпқа бастау бола алады. Адайлардың Маңғыстау жеріне келіп түрікмен тайпаларын ығыстырып орналасуы, өрісі тарылған түрікмендер Астрахань губернаторы арқылы Ресей патшасынан өздеріне қамқор болуды өтініп, қайта-қайта елші жіберді. Ресей патшасы ол тілекті қабыл алып, Маңғыстау түрікмендеріне Нұралы ханның ұлы Пірәліні хан етіп тағайындайды. Бірақ әуелден еркіндік сүйетін, хандық билікті мойындамайтын Адай руын бағындыруға Пірәлі ханды лайық көріп, түрікмендерге хан етіп тағайындаған. Мақалада Маңғыстау мен Түрікмения өңіріндегі қазақ ханы Пірәлінің ел басқарған тұсында орын алған тарихи оқиғалардың арадағы өзара байланысы туралы баяндалады.

Негізгі сөздер: Маңғыстау, Түрікмен, Пірәлі хан, Ресей империясы, Өңір, Тайпа, Адай, Түрікмен рулары, Огры, Делі, Меңлікөжа, Құрбан, Астрахань генерал-губернаторы, Бозашы түбегі, Орынбор қаласы.

«Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кетті» делінетін киелі Маңғыстаудың 1750-1850 жылдар аралығындағы негізгі тұрғындары құрамы қазақ, түрікмен халықтары болды. Жоңғар қалмақтарымен соғыста Жайықтың батыс бетіндегі ежелгі ата-мекенін азат еткен алмаған қазақ қолы, осыған дейін қалмақ боданы болып, қазаққа қарсы қару көтерген Маңғыстау түрікмендеріне ұрыс қимылдарын